



РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРЫ КЕҢЕС ҚҰРЫЛДЫ

Президент биылғы Қазақстан халқына Жолдауында экономика, өнеркәсіп, қаржы, әлеуметтік және басқа да салаларда түбегейлі реформалар жүргізу туралы міндеттер қойды.

Бұл мәселеде Мемлекет басшысының Жарлығымен жаңадан құрылған Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің маңызы зор.

Агенттік ағымдағы жағдайды, қалыптасып отырған тенденцияларды, әлемдік тәжірибені талдау және осы негізде реформаларды іске асыру тәсілдерін әзірлеудің, сондай-ақ, олардың орындалу барысына мониторинг жүргізудің жауапты мемлекеттік органы болады.

Агенттікпен және өзге де мемлекеттік органдардың бастамасымен реформалар жөніндегі аса маңызды ұсыныстарды қарау және бекіту үшін Мемлекет басшысының Жарлығымен Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңес құрылды.



Президент жанындағы жоғары кеңес жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында кеңес құрамына Еуропалық қайта құру және даму банкінің

экс-президенті Сума Чакрабарти енгізілді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының Өкімімен С.Чакрабарти Қазақстан Республикасы Пре-

зидентінің экономикалық даму жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі болып тағайындалды.

С. Чакрабарти дамушы нарықтар мәселелері бойынша

маман, Ұлыбритания мемлекеттік қызметі жүйесіндегі ірі реформаларды әзірлеуде тәжірибесі мол. Орталық және Шығыс Еуропа елдеріне техникалық көмек бағдарламасы – британдық «ноу-хау» қорының дамуында негізгі рөл атқарды.

Еуропалық қайта құру және даму банкінің басшысы ретінде С.Чакрабарти аталмыш қаржы институтын ауқымды жаңғырудан өткізді. Өзі басшылық еткен жылдары бұл мекеме Қазақстанға 9 млрд доллар көлемінде инвестиция салды. ЕҚҚДБ мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті, «жасыл экономика» мен шағын және орта бизнесті реттеу мен дамытудың жаңа тәсілдерін әзірлеуде маңызды консультативтік көмек атқарды.

С. Чакрабарти Еуропалық қайта құру және даму банкінің басшысы болған кезде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің тең төрағасы болды.

Akorda.kz

Тағайындау

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар кадрлық тағайындау жасады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлайды.

Мемлекет басшысының жарлықтарымен: Серік Мақашұлы Жұманғарин ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Төрағасы; «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Нематұлы Келімбетов ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Төрағасы болып тағайындалды. Сонымен қатар Мемлекет басшысының Өкімімен Сума Чакрабарти (Suma Chakrabarti) Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық даму жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі болып тағайындалды.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әлеуметтік маңызы бар тауарларға бағаны реттеу және азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Бағаға мониторинг жүргізу және қабылданған шаралар туралы ҚР сауда және интеграция министрі Б.Сұлтанов, азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы ауыл шаруашылығы министрі С.Омаров, өңірлердегі ахуал туралы Ақмола облысының әкімі Е.Маржықпаев, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қ.Ақсақалов, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов баяндады.

Биыл қалыптасқан жағдайда Үкімет пен әкімдіктер өнім өндіруді, сақтауды және барлық өңірлерге жеткізуді қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін қабылдады. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың шекті бағасы белгіленді, бағаны тежеу міндеттемесімен «қайтарымды схема» арқылы сауда желілеріне жеңілдікті қарыз беру практикасы кеңейтілді. Ауыл шаруашылығы

тауарын өндірушілерге мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді, оның ішінде форвардтық сатып алу механизмі енгізілді – 24,5 млрд теңге бөлінді, 516,9 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу үшін 159 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші іріктелді.

– Әкімдіктер алдын алу шараларын дер кезінде қабылдаса, бағаның тұрақтылығы мен оны тежеу қамтамасыз етіледі. Біз импортқа тәуелділікті азайту үшін жұмыс жасап жатырмыз. Бағаны қымбаттатуға ешбір себеп жоқ. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың барлық түрлері бойынша бағаның тұрақтылығына қатаң бақылау қамтамасыз етіледі, – деді А. Мамин.

Үкімет басшысы Ауыл шаруашылығы министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, сыртқы жағдай



ға және азық-түлік қорының жеткілікті болуы мен әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының тұрақтылығына мониторингті жалғастыруды, «қайтарымды схема» арқылы сауда желілеріне жеңілдікті қарыз беруді кеңейту, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін форвардтық сатып алу практикасы мәселелерін пысықтауды тапсырды.

Әкімдіктерге импортқа тәуелді тауарлар (қант, көкөніс өнімдері және басқалары) өндірісін ұлғайту бойынша жобаларды

басым ретпен іске асыруды қамтамасыз ету тапсырылды. Премьер-Министр Ауыл шаруашылығы министрлігі мен өңірлер әкімдерінің назарын өзімізде өндірілетін азық-түліктің, әсіресе, картоп, ұн, сәбіз және қарақұмық жармасының бағасын өсіруге жол бермеуі тиіс екеніне аударды. «Азық-түліктің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету қазақстандықтардың тұрмыс сапасының басты факторларының бірі», – деді А.Мамин.

Primeminister.kz

ҮКІМЕТ

Бизнес нысандарының жұмысы жеңілдеді

Primeminister.kz сайтының хабарлауы бойынша ведомствоаралық комиссия бизнес нысандарының жұмысын жеңілдету бойынша шешімдер қабылдады.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен өткен Ведомствоаралық комиссияның отырысында санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру және жұмыс күндері келушілердің ағынын азайту мақсатында демалыс күндері жұмыс істеуге рұқсат беру туралы шешім қабылданды: сұлулық салондарына, шаштараз, косметикалық қызмет көрсететін

объектілерге (infokazakhstan.kz порталында тіркелу, алдын ала жазылу бойынша бір келушіге төрт ш. м.); фитнес-орталықтарына, спорттық-сауықтыру орталықтарына, тренажер залдарына, спорт кешендеріне, СПА-салондарға, сауналарға, бассейндерге (infokazakhstan.kz порталында тіркелу, толымдылығы 30%-дан аспайтын, бірақ 50 адамнан артық емес, алдын ала жазылу, маска ре-



жимін, әлеуметтік қашықтықты сақтау); діни нысандарға (жеке, ұжымдық іс-шаралар өткізбей). Мемлекеттік органдармен, «Атамекен» ҮКП және отандық тауар өндірушілермен

талқылаудың қорытындысы бойынша бір рет қолданылатын медициналық маскалардың шекті бөлшек саудаға бағасы 80 теңгеден 60 теңгеге дейін, яғни 25%-ға төмендетілді. Сондай-ақ үшінші тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тағайындалғандарға 2020 жылдың 4-тоқсанында мемлекеттік инстанцияларға жүгінбей, оны автоматты түрде ұзарту туралы шешім қабылданды. Бұл шара мемлекеттік органдарда адамдардың жаппай жиналуын болдырмау арқылы азаматтардың коронавирус инфекциясын жұқтыру қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

ЖЕР — ЖАҒАН

— БРИФИНГ —

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ: ҚАУІП ҚАЙДАН?

ҚЫТАЙ

ВАКЦИНАНЫҢ БАҒАСЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

China National Biotech Group (CNBG) фармацевтикалық компаниясы өндіретін коронавирусқа қарсы қытайлық вакцинаның екі дозасының бағасы 1000 юаньнан (шамамен 146 доллар) төмен болады.

«China National Biotech Group әзірлеген екі вакцина осы жылдың желтоқсан айында нарыққа шығады деп жоспарланып отыр. Вакциналардың екі дозасы 1000 юаньнан төмен болады», – деді CNBG бас заң кеңесшісі Чжоу Сун. Оның айтуынша компанияның екі вакцинына БАӘ, Бахрейн, Перу, Марокко, Аргентина және Иорданияны қоса алғанда, 10-нан астам елде қауіпсіздігі мен тиімділігі тексерілетін сынақтың үшінші кезеңінен өтуде.



«Вакцинацияланған он мыңдаған адам COVID-19 індетін жұқтыру қаупі жоғары елдер мен аймақтарға сапар шекті. Осы уақытқа дейін олардың ешқайсысы ауру жұқтырмаған. Бұл вакциналардың тиімділігін дәлелдейді», – деп атап өтті Чжоу Сун. CNBG вакциналары адамды коронавирустан 1-3 жыл аралығында қорғай алады.

Сонымен қатар, CNBG олардың вакциналары COVID-19-дың барлық штаммын қорғауға қабілетті екенін айтты. «Шынында да, вирустың мутацияға ұшырайтын бірнеше кіші түрлері бар, бірақ оның негізгі гендік тізбегі мен ақуыз құрылымы түбегейлі өзгерген жоқ. Вакциналар алдағы бірнеше жылда осы мутацияланған вирустармен күресуде ешқандай қиындық туғызбайды», – деді CNBG бас заң кеңесшісі Чжоу Сун.

Inform.kz

15 қыркүйектен бастап Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың тікелей тапсырмасымен БАҚ өкілдеріне арналған апталық брифинг пен баспасөз-конференциясын өткізу дәстүрі қайта қолға алынды.

Бану ӘДІЛЖАНОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы

ІІМ-нің баспасөз орталығынан таратылатын тікелей байланыс ведомствоның Facebook, YouTube және Instagram әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында да онлайн көрсетіледі. Министрліктің құрылымдық басқарма басшылары мен ІІМ ресми өкілі Нұрділдә Ораздың қатысуымен өтетін апталық брифингте ел назарында тұрған, қоғам талқысына түскен тақырыптар қозғалмақ. Сонымен қатар министрліктің ресми өкілі еліміздегі қылмыстық ахуал туралы жедел ақпараттармен бөлісіп, өзекті оқиғаларға қатысты министрлік тарапынан қолға алынған іс-шаралар туралы баяндайды.

Сөз басында Нұрділдә Ораз елдегі қылмыстық ахуалға тоқталып, ел назарына іліккен қылмыстар туралы ақпарат берді. Ресми өкілдің хабарлауынша, өткен аптада елімізде 3500-ден астам қылмыс тіркелсе, оның 2388-і бір тәулік ішінде ізі суымай ашылған. «Аймақтар арасындағы деректерді салыстырсақ, қылмыстың көбі Шығыс Қазақстан облысы мен Алматы, Шымкент қалаларында тіркелген. Ал қылмыс түріне келер болсақ, ең көп тіркелген қылмыстық іс ұрлыққа қатысты болып отыр. Бір аптада ел көлемінде 1400-ден астам ұрлық дерегі тіркелген», – деді ол.

Брифинг барысында сондай-ақ, ІІМ ресми өкілі Жамбыл облысының Жуалы ауданында үш бірдей адамның өмірін жалмаған жолкөлік апаты мен әлеуметтік желіде қызу талқыланған спортшы Қуат Хамитовтың бейнеүндеуіне қатысты ойын білдірді.

«Қуат Хамитов әлеуметтік желіде азаматтарды заңсыз әрекеттерге үндейтін видео жариялаған. Бұл тікелей заң бұзушық болып саналады. Және де мұндай әрекеттерге қылмыстық жауапкершілік қарастырылған», – деген ІІМ ресми өкілі азаматтарды жалған ақпарат таратпауға, тек мемлекеттік органдардың ресми дереккөзіне сенуге шақырды.

Онлайн брифингте ІІМ Тергеу департаментінің бастығы, полиция полковнигі Санжар Әділов қаржы пирамидалары мен алаяқтыққа қатысты елдегі жағдайға тоқталып, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

ІІМ ресми өкілі Нұрділдә Ораздың мәлімдеуінше, соңғы уақытта ведомствоның байланыс орталығына қаржы пирамидасының құрығына түсіп, алаяқтардың арбауына іліккендер жөнінде көптеген сұрақ келіп түскен.

Қаржыпирамидасына қатысты қылмыстардың қашан да қоғамдық дау-дамай туғызатынын атап өткен Санжар Әділов «Ішкі істер органдары үшін бұл заңсыздықпен күрес жүргізу басымдыққа ие» екенін атап өтті.

Жыл басынан бері департамент қызметкерлері осы қылмыс түріне қатысты 217 қылмыстық істі тергеп, 116-сын сотқа жолдаған. Сондай-ақ, қаржы пирамидасын құрып, алаяқтықпен айналысқан жалпы 79 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Полиция полковнигінің хабарлауынша, ел ішінде үлкен дау тудырған 13 түрлі ұйымға қатысты да қылмыстық іс қозғалған. Олардың қатарында «Гарант 24 Ломбард», «ESTATE Ломбард» және «Выгодный займ» ЖШС-тері бар. Бұл үш

серіктестік 17 мыңнан астам адамды қаржы пирамидасының құрығына түсіріп, жалпы сомасы 22 миллиард теңгеге тақырға отырғызып кеткен. Қазіргі таңда осы ЖШС-терге қатысты 32 қылмыстық істің беті ашылып, 51 адам қылмыстық жазаға тартылуда.

Брифинг барысында департамент бастығы Санжар Аскенұлы күдіктілерден қылмыстық іс-әрекеттері арқылы «қол жеткізген» 70 миллион теңге қаржы, түрлі мүліктердің тәркіленіп, тұтқынға алынғанын да айтып өтті. Тәркіленген дүние-мүліктердің ішінде 15 автокөлік, 2 жүк көлігі, 2 автокран, 29 пәтер, 6 үй, 3 жер телімі, 5 автотұрақ пен бір дәмхана-бильярд кешені бар. Күдіктілерден тәркіленіп алынған мүліктің жалпы құны екі миллиард теңгеден асқан.

– Қылмыстық істерді тергеу тәжірибесі қаржы пирамидаларының құрылуына халықтың көзсіз сенгіштігі, тез байып кетсем деген армандары мен «ақшаның астында қаласыз» деген жан-жақтан ағылған жарнамалардың арбауына түсіп қалуы түрткі болатынын көрсетіп отыр, – дейді Санжар Аскенұлы. – Біз БАҚ арқылы ұдайы түсіндіру, ақпараттандыру жұмыстарын жүргізіп отырамыз. Қаржы пирамидаларының қылмыстық іс-әрекеттерінен сақтандыру үшін халыққа үнемі ескертулер де жасап келеміз. Алайда, бұл жұмыстар әлі де аздық етуде. Бізге әлі де Ұлттық банк, Қаржы министрлігі, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, облыстық, қалалық және аудандық әкімдіктерден бастап, барлық құзырлы мемлекеттік органдар тарапынан кең ауқымды жұмыс қажет.

«Біздің – мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының ортақ жұмысы – ел-жұртты «Қаржы пирамидалары дегеніміз не,

олардан келер қауіп қандай» деген сұрақтар бойынша толыққанды ақпараттандыру. Ең бастысы, осындай күмәнді ұйымдарға ақша салудың соңы қаржылық күйреуге әкеп соғатынын ескертуіміз қажет», – деді полиция полковнигі.

Полиция полковнигі Санжар Әділов сөзінің соңында қарапайым халық оңай олжаға қол жеткіземіз деп артынан опық жеп қалмау үшін қаржы пирамидаларының негізгі төрт белгісіне тоқталды. Қаржы пирамидаларының ең басты белгісі – тез және оңай ақша табуға уәде беруі. Екіншісі, мұндай күмәнді ұйымдардың депозиттерді қабылдауға лицензиясы болмайды. Үшіншіден, қаржы пирамидаларының қызмет бағыттарына байланысты бірнеше түрі болады. Ең көп таралғаны – қысқа және ұзақ мерзімді жобаларға инвестиция салу. Төртінші белгісі – ешкім ешқашан салынған ақшаны қайтаруға ешқандай кепілдік бермейді. «Қаржы пирамидаларының құрығына түсіп қалмау үшін қарапайым халық осы төрт басты белгіні есте ұстағаны жөн. Егер қандай да бір күдік туындаса, ақшаңызды сенімсіз ұйымдарға салудан, бос уәденің соңына еріп кетуден сақ болыңыздар!», – деді ол.

Брифинг соңында Тергеу департаментінің бастығы журналистерден онлайн форматта келіп түскен сұрақтарға жауап берді. Атап айтқанда, «Қаржы пирамидасын құрушылармен қатар, кейін оған адам жинағандарға қатысты қандай жауапкершілік қарастырылған?», «Азаматтар күмәнді ұйымдарға ақша саларда нені ескеруі тиіс?», «QNet халықаралық компаниясының еліміздегі істері қаншалықты заңды?» деген сұрақтарға жан-жақты жауап берген полиция полковнигі құрылыс саласындағы алаяқтық деректерге де кеңінен тоқталды.

Учаскелік инспекторды білесіз бе?



Жасыратыны жоқ, тұрғындар өзі тұратын аумақтың учаскелік инспекторын жығатани бермейді. Павлодар облыстық Полиция департаментінің бастығы Нұрлан Мәсімов осы олқылықтың орнын толтыру үшін аулалар мен тұрғын үйлерді аралап, тұрғындармен жүздесуді тұрақты түрде жүргізіп келеді.

Департаменттің баспасөз қызметі берген мәліметке қарағанда, тұрғындар жеке тірек пункттеріне көп жүгінбейтінін мойындаған. «Учаскелік инспектор жиі келіп, жағдайларыңызды біліп тұра ма? Осы аумақтағы қоғамдық тәртіпті сақтау бағытындағы жұмысқа көңілдеріңіз тола ма?» деген са-

уалға тұрғындардың біраз бөлігі «Иә» деп жауап берсе, арасында мүдіріп қалғандары да болды. Полиция департаментінің басшысы жүздескен тұрғындар арасында учаскелік инспекторды жақсы білетіндер де бар болып шықты. Соның бірі – Мәшһүр Жүсіп көшесіндегі №38 үйдің тұрғыны.

– Мен бұл аймақта 13 жылдан астам уақыт тұрамын, бәріне шүкір етемін. Учаскелік инспектор жиі-жиі келіп, хал-жағдайымызды сұрап тұрады, – деп ағынан жарылды тұрғын.

Нұрлан Мәсімов осы жолы тұрғындармен ғана емес, аулалардағы дүкендерге де бас сұғып, сатушылармен де

тілдесті. Полиция жұмысы туралы пікірлерін білді.

Департамент бастығы кейбір тұрғын үйлердің кіреберісінде учаскелік инспекторлардың фотосуреттері жоқ екенін байқап, облыстық жергілікті полиция қызметінің бастығы Ғалым Сарғұловқа барлық кемшіліктерді көрсетіп, оны тез арада жоюды тапсырды.

– Карантин шектеулері жеңілдеді, енді аптасына бір рет әкімшілік учаскелерді аралап шығамын. Әрбір азамат өзінің қауіпсіздігіне сенімді болуы тиіс. Біз жұмысымызда қандай кемшіліктер бар екенін білуіміз керек. Барлық үйлердің кіреберісінде учаскелік инспектордың телефон нөмірі, фотосуреті бар жазба тұруы тиіс. Сонда мәселе туындаған жағдайда тұрғындар қайда бару, кімге хабарласу керек екенін жақсы біледі. Учаскелік инспектор үнемі пәтерлерді аралап, әр тұрғынды білуі керек. Адамдар «Полиция» деген сөзді естігенде үрейленбеуі керек, керісінше, полицейдің қиын сәтте келетін дос және көмекші екенін білуі тиіс, – деді Нұрлан Мәсімов.

Карина САДЫҚОВА,
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты Арыс қалалық пробация қызметі аз қамтылған алты отбасының балаларына оқуға керекті құрал-жабдықтар толы сөмке табыстады.

Бүгінгі таңда Арыс қалалық пробация қызметінде 100-ге жуық сотталған есепте. Оның ішінде 62 сотталған пробация қызметінің көмегімен тұрақты жұмысқа орналасқан, қалғаны – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

– Пробация есебінде тұрғандар арасында әлеуметтік жағдайы жағынан әртүрлі отбасылар бар. Біз солардың ішінен аз қамтылған отбасыларға жыл сайын демеушілердің арқасында түрлі көмек көрсетіп келеміз. Бұл жолы қалалық «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының қолдауымен алты отбасыға мектепке керекті құрал-жабдықтар берілді. Бұл іс-шара «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылды, – дейді Арыс қалалық пробация қызметі бөлімінің бастығы Жанна Айтмұрзаева.

Көмек қолын созып, балаларды қуанышқа бөлеген пробация қызметіне атааналар алғысын жаудырды. Мұндай іс-шара алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Сәбит СОПИЕВ,
АРЫС ҚАЛАСЫ



«МАС ЖҮРГІЗУШІ – ҚЫЛМЫСКЕР»

Қызылорда облысының Полиция департаменті жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында қыркүйек айының 10-12 күндері аралығында «Мас жүргізуші – қылмыскер!» жедел профилактикалық іс-шарасын өткізді.



Бір күннің өзінде жол қозғалысы ережесін бұзудың 296 дерегі тіркелген. Мемлекеттік тіркеу нөмірі талапқа сәйкес емес және дұрыс орнатылмаған 19 құқық бұзушы анықталып, оларға Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 590-бабының бесінші бөлігі бойынша шара қаралды.

Іс-шара барысында автокөлікті заңсыз қайта жабдықтағаны, техникалық құралды басқарған кезде телефон пайдаланғаны, қозғалыс кезінде қарсы жолаққа шыққаны үшін, жаяу жүргіншіге жол бермегені, апаттық жағдай туғызғаны, көлікті мас күйде басқарғаны, көлік құралын жүргізу құқығы жоқ адамның көлік басқарғаны үшін айып төлегендер де аз емес.

Гүлжахан ҚАЙЫРБЕРГЕНОВА,
ҚЫЗЫЛОРДА

Жеті келіден астам марихуана табылды

Жамбыл облысының тұрғынынан жеті келіден астам марихуана табылды.

«Қарасора-2020» жедел-алдын алу іс-шарасы барысында Жамбыл облысының ПД ЕБҚІҚБ қызметкерлері Меркі ауданы Тәтті ауылының маңындағы құмға жақын аумақта 30 жастағы ер адамды ұстады. Одан жеті келіден астам кептірілген марихуана есірткі заты табылды. Ұсталған азамат кінәсін

мойындап, Меркі ауданының уақытша ұстау изоляторына қамаққа алынды. Аталған дерекке қатысты ҚР ҚК 296-бабының 4-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

Гүлсара МҰХТАРҚҰЛОВА,
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

385 мың теңгесінен қағылды

Алаяқтық жолмен өзгенің ақшасын иемденіп алатындардың қатарында жасөспірімдер де бой көрсете бастады. Атырау облысының полицейлері әлеуметтік желі арқылы қомақты қаржыны қарпып алған жасөспірімді анықтады.

Бұл жағдай Атырау облысының Исатай ауданында болған. Осы ауданның полиция бөліміне жергілікті тұрғын арызданады. Оның айтуынша, белгісіз біреу оның Instagram желісіндегі «Айбек көмек» парақшасы арқылы «Kiwi» әмиянына 40 мың теңге аудартып алған. Онымен қоймай, жәбірленушінің «HalykBank»

қартасы мен сәйкестендіру нөмірін фотомен алдыртып, есепшотынан 385 мың теңге ақшасын жымқырған.

Полиция қызметкерлері жан-жақты іздестіру жұмыстары барысында қылмысқа күдіктіні анықтайды. Ол Түркістан облысының 2003 жылы туған тұрғыны болып шықты.

Кәмелет жасына толмаған жасөспірімнің осыған ұқсас басқа да алаяқтық қылмыстарға қатыстылығы тексерілу үстінде. Тергеп-тексеру Қылмыстық кодекстің 190-бабы бойынша жүргізілуде.

Гүлназира МҰХТАРОВА,
АТЫРАУ

Ұрлыққа жағдай жасамаңыз...

Ақтөбе облысы аумағында тіркелген ұрлықтардың жалпы санының едәуір пайызы – автомобильдерден мүлік ұрлау.

Мұндай жағдайлардың көпшілігінде әуелі жәбірленушілердің өздері кінәлі болып шығады. Олар автомобиль салонында навигатор, DVD, радио, сөмке, барсетка, ұялы телефон секілді құнды заттарды қалдырып кетеді. Ұрылардың көзі осындай заттарға түседі.

16 тамызда дүкеннің жанында тұрған «Газель» автокөлігінің салонынан белгісіз адамдар автокөліктің жүргізуші жағының есігін ашып, «OPPO» смартфонын ұрлаған. Шығын – 105 мың теңге.

Автокөлікті заңсыз қол сұғушылықтан қорғау үшін кәсіби автокөлік дабылын орнатқан жөн. Көлікке алынбалы панелі бар магнитола орнатқан абзал. Көлікті адамдар көп жүретін, жақсы жарықтандырылған орында қалдырған дұрыс. Азғантай уақытқа шықсаңыз да, машинаны әрдайым жауып жүрген жөн. Бағалы затты автокөліктегі көзге бірден түсетін орында қалдырмау керек.

Егер ұрлық орын алса, бұл туралы полицияға 102 телефоны арқылы мүмкіндігінше тез хабарлаңыз. Күдіктілер қалдырған іздерді сақтау үшін жедел-тергеу тобы келгенге дейін көлігіңізге қол тигізбеуге және салонға отырмауға тырысыңыз.

А. ТАБЫН,
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Теңізжан ЖӘНІБЕКОВ:

Мақсат сотталғандардың түзу жолға түсуіне ықпал ету

Қылмыстық атқару жүйесінің басты міндеттерінің бірі – бас бостандығынан айырылғандардың түзу жолға түсуін қамтамасыз ету екені белгілі. Бұл мәселеде арнайы аудитория арасындағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың маңызы өте зор. Қателік жасап, жазасын өтеп жатқандармен тәрбие жұмысына келгенде ҚАЖ департаментіне қарасты ЖД-158/5 мекемесінде атқарылып жатқан істерді ерекше айтып өтуге болады. Мекемедегі жаңашылдық пен жолға қойылған жұмыстар туралы Жамбыл облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаменті бастығының міндетін атқарушы, әділет полковнигі Теңізжан Жәнібековпен сұхбаттасқан едік.

– Теңізжан Нұрмаханұлы, өзіңіз жақсы білесіз, республика көлемінде Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай жазасын өтеушілер арасында шығармашылық кештер өтіп жатыр. Мәселен, Жамбыл облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарайтын ЖД-158/5 мекемесінде ұйымдастырылған шығармашылық кештің де мақсаты – Абай туындыларынан терең тәлім алу екені белгілі. Ал енді Абай тағылымының түзеу мекемесіндегі шалыс қадам басқандардың түзелу жолына түсудегі рөлі жөнінде айтып берсеңіз?

– Ең әуелі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен өңірлік департаментке қарасты ЖД-158/5 мекемесі қайта бейінделгенін айта кеткім келеді. Енді аталған түзеу мекемесінде абайсызда қылмыс жасағандар жазасын өтейтін болады.

Ал Абайдың 175 жылдық мерейтойына және Абай күніне орай жазасын өтеушілер арасында шығармашылық кештерге келер болсақ, мұндай шаралар тек ЖД-158/5 мекемесінде ғана емес, барлық түзеу мекемелерінде өз деңгейінде өткізілді. Кеш барысында сотталған азаматтарға ұлы ақынның шығармасымен танысуға мүмкіндік туып, олар өздері жасаған қателіктен сабақ алуға қадам жасады деп айтуға толық негіз бар. Себебі, шалыс басып тағдыры өзгеріске ұшыраған жандар үшін Абай мұрасы таптырмас қазына. Мекемедегі айыпталушылар мен сотталғандар бұл күні мекеме кітапханасындағы ұлы ақынның шығармаларын оқып, өлеңін жатқа айтып, рухани байыды десе де болады.

Жалпы алғанда, Абай хакімнің бай мұрасын, оның асқақ тұлғасын биік тұғырға шығару бір күнге байланып қалмайтыны белгілі. Дегенмен дербес күн белгіленіп, Үкімет тарапынан қаулы қабылдануы қазақ баласының тағы бір жаңа белеске көтерілгенін көрсетеді.

– ҚР Ішкі істер министрі Е.Тұрғымбаев жақсы бастама көтерді. Яғни азаматтарды онлайн режимде қабылдап, олардың арыз-шағымдары бойынша әрі қарай жұмыс істеуде. «Жұртқа жақын полиция» қағидаты ІІМ-ге қарайтын мекемелерде қалай жүргізіліп жатыр?

– Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішін-

де ғаламтор жүйесі маңызды рөлге ие. Осыған байланысты Ішкі істер министрі Ерлан Заманбекұлының және ҚАЖ комитетінің төрағасы Жанат Болатұлының тікелей тапсырмасымен ҚАЖ қызметінде бұқаралық ақпарат құралдарына жауапты қызметкер бекітіліп, Instagram, Вконтакте және Facebook әлеуметтік желілерінде өңірлік департаменттің ресми аккаунттары ашылды. Бұдан бөлек азаматтардың сұрағына жылдам әрі нақты жауап беру үшін Whatsapp (+7 747 863 5910) чат құрылды. Бүгінгі таңда аталған чатқа азаматтар тарапынан келіп түскен сұрақтарға дер кезінде жауап берілуде.

ҚАЖ қызметіне қатысты сыни жарияланымдарға дер кезінде ден қою мақсатында күнделікті БАҚ беттеріне, интернет кеңістігіне мониторинг жасалады. Өңірлік ҚАЖД-ның беделін көтеру, халықтың ҚАЖ қызметіне деген сенімін нығайту және ақпараттық-насихаттау, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысты нығайту мақсатында кешенді іс-шаралар ұйымдастырылуда.

– Жамбыл облысы бойынша ҚАЖД мекемелеріндегі қысқа және ұзақ кездесулер қашан басталады?

– Өздеріңіз білетіндей, елімізде карантин шаралары енгізілген уақыттан бастап түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтардың туыстарымен кездесуі уақытша тоқтатылған болатын. Бұл кезеңде сотталғандар жақындарымен тек интернет арқылы байланысып, онлайн кездесулер өткізіп келген еді. Енді Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысымен және ҚР ІІМ ҚАЖ Комитетінің басшылығының рұқсат етуімен қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде сотталғандар туыстары және жақындарымен кездесуге мүмкіндік алды.

Осыған орай осы жылдың 5 қыркүйегінен бастап Жамбыл облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты түзеу мекемелерінде санитарлық талаптарды толық сақтай отырып, жазасын өтеп жатқан азаматтардың туыстарымен кездесуі ұйымдастырылуда. Бұл шаралар мекемелерде кездесудің қайта



берілу дайындығына баға беретін аумақтық санитариялық-эпидемиологиялық қызметтермен бірлесіп атқарылуда. Коронавирус инфекциясын жұқтыру қаупінің әлі де барын ескере отырып, ұзақ мерзімді кездесуге бір ғана ересек адамның кіруіне рұқсат етілген. Сондай-ақ ПТР-тестілеудің теріс қорытындысы болған жағдайда және анализ нәтижесінің берілген мерзімінен бастап жеті күннен аспауы тиіс. Бұл ретте қысқа мерзімді кездесулер барлық санитариялық-эпидемиологиялық шараны сақтай отырып, әдеттегідей тәртіпте өткізілуде.

– Жалпы сотталғандар саны қанша?

– Бүгінгі күні Жамбыл облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты түзеу мекемелерінде 2300-ге жуық, Пробация қызметінде 2000-ға жуық азамат жазасын өтеуде.

– Жазасын өтеушілерді тәрбиелеу жұмысына, бостандыққа даярлауға және білім алуына қатысты қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Түзеу мекемелерінде сотталғандардың түзелуіне, яғни заң талаптарын сақтауға, еңбекке және өзге де қоғамдық пайдалы жұмыспен айналысуға, білім және мәдени деңгейін арттыруға, оңалту бағдарламаларына қатысуға ынтықталған іс-шаралар жүргізілуде.

Тәрбиелеу жұмысына қатысты бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың құқықтары мен міндеттері туралы білуіне, сотталғандардың моральдық-этикалық түсінікті қалыптастыруына, әрбір сотталған адамның қоғамда өз тәртібін күнделікті сыртқы бақылаусыз реттеу қабілетін орнатуына, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуіне, жасаған қылмысының қоғамдық қауіптілігінің мәні туралы түсінік

алуына, сондай-ақ эстетикалық талғамының және қоршаған ортаға адал қатынасының қалыптасуына байланысты жұмыстар жүргізілуде.

Сотталғандардың білім алуына орай мекемелерде отыз жасқа толмаған сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді міндетті түрде қазақ немесе орыс тілінде алуы ұйымдастырылады. Отыз жастан асқан сотталғандар мен мүгедектер бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді өздерінің қалауы бойынша алады. Қазіргі таңда мекемелерде 128 сотталған азамат Тараз қалалық білім бөліміне қарасты №15 колледжінде оқып, түрлі арнайы маман иесі (дәнекерлеуші, жиһаз жинаушы, қран айдаушы т.б.) атанады. Емтихандарды тапсыру үшін оқушылар ҚР еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылады.

Сотталғандарды бостандыққа қайта даярлау барысында мекеме әкімшілігі сотталғанның түзелуі мақсатында еңбек ету қабілетін арттыруына, оған босатылғаннан кейін жұмысқа орналасу үшін қажетті мамандық алуына, қоғамда өз бетінше саламатты өмір сүруіне көмектеседі. Жаза мерзімін өтеуіне бір жыл қалған бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан сотталғанға қатысты пробация қызметі мекеме әкімшілігімен бірлесіп, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету нысанында қайта әлеуметтендіруді жүзеге асырады. Мекеме әкімшілігі бұл ретте сотталған адамға босатылғаннан кейін әлеуметтік бейімделу үшін қажетті әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемі бойынша жеке бағдарлама жасайды, ол сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша пробация қызметіне жіберіледі.

– Түзеу мекемелерінің коммуналдық-тұрмыстық жағдайы қашан да өзекті мәселе екені белгілі. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Қазіргі таңда түзеу мекемелері ғимараттарының тозығы жеткені жасырын емес. Өткен ғасырдың 50-ші жылдары соғылған ғимараттары аса күрделі жөндеу жұмыстарын талап етеді. Мәселен, ЖД-158/4 мекемесінің жер асты су құбырларының тозығы жеткен. Қазіргі таңда осы мәселелердің оңтайлы шешімін табу мақсатында «Тараз-Су» мемлекеттік коммуналдық мекемесімен өзара жұмыстар жоспарлануда.

Сонымен қатар сотталғандардың тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында яғни сотталғандарды киім-кешекпен, төсек жабдықтарымен қамтамасыз ету мақсатында 2020-2021

жылдың бюджеттік өтінімі бойынша қажетті қаржы бөлінген. Қазіргі уақытта сотталғандар санының артуына байланысты киім-кешекпен, төсек жабдықтарымен толығымен қамтамасыз ету үшін биыл қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы қаржы мәселесі қарастырылуда.

– Сотталғандарға медициналық көмек көрсету жағы қалай? Аты жаман індеттен сақтандыру жұмыстары қалай жүргізіліп жатыр?

– Қазіргі таңда Жамбыл облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасымен арнайы контингент арасында коронавирус инфекциясының тіркелу кезіндегі ведомствоаралық өзара іс-әрекеттік бойынша бірлесіп жоспар жасалынды. Аталған жоспарға сәйкес мекемелердің арнайы контингенті тіркелген №3, №4 қалалық емханалары тарапынан коронавирустық инфекция және вирустық пневмония анықталған науқастарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында дәрі-дәрмектер, медициналық жабдықтар, медициналық қондырғылар және мамандармен қамтамасыз етілуде.

Түзеу мекемелеріндегі медицина қызметкерлері коронавирусының алдыңғы толқынында облыс әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасына қарасты Тараз қалалық емханаларымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарды. Пандемияның екінші толқынында да бірлескен жоспарға сәйкес іс-шаралар өз жалғасын табады деп сенеміз.

– Сол сотталғандарды ақылы жұмыспен қамту туралы толығырақ айта кетсеңіз?

– ҚАЖ мекемелері аумағында «Еңбек-Тараз» РМК кәсіпкерлік субъектілерінің жаңа өндірістері кеңейту мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылууда. Атап айтқанда, жеке кәсіпкерлерді тарту және жаңа жұмыс орындарын ашып, сотталғандарды еңбекпен барынша қамту мақсатында бос тұрған нысандар мен өндірістік аумақтардың суреттері, байланыс телефондары duis.zhambyl.kz ресми сайтында және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Бүгінгі күні ҚАЖ департаментіне қарасты бес мекемедегі орта есеппен еңбекке жарамды сотталғандар саны 1933 адамды құрайды. Барлық салалар бойынша ақылы жұмыстарға, оның ішінде 34 жеке кәсіпкерлікте, сонымен қатар қызмет көрсету жұмыстарына орташа есеппен 861 адам қамтылды немесе жұмысқа жарамды сотталғандардың еңбекпен қамту көрсеткіші 44,5 пайызды құрады. Бұл жұмысты әрдайым бақылауда ұстаймыз, алдағы уақытта оны 70 пайызға көтеру жоспарда бар.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Бауыржан СЕГІЗБАЕВ

АНЫҚТАУ ҚЫЗМЕТІ АБЫРОЙЛЫ

Ішкі істер министрлігі жүйесіндегі анықтау қызметі өз кезегінде қатаң сынақтардан өтті. Оның қайта құрылуы – соның дәлелі. Дегенмен уақыт өз түзетулерін енгізді.

Ішкі істер органдары құрылымында анықтау қызметінің өте қажет екенін айқындай отырып, онсыз қоғамдағы келеңсіз көріністермен күресті күшейту және заңнаманы нығайту мәселелерін шешу мүмкін емес екенін көрсетті. Сондықтан ҚР ІІМ-нің 2020 жылғы 26 наурыздағы №253 ұйымдастырушылық-штаттық мәселелер туралы бұйрығына сәйкес ІІМ жүйесінде Анықтау басқармасы қайта құрылды. Тарихқа жүгінетін болсақ, 1991 жылдың 26 маусымында ҚР Жоғары Кеңес Президиумының Жарлығымен және ҚР ІІМ-нің 1991 жылдың 6 қыркүйегіндегі №242 санды бұйрығымен штаттық анықтау қызметі құрылып, ІІМ жүйесінде алдыңғы қатарда халық игілігіне қызмет атқарып келеді.

Осы жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы ІІБ Анықтау басқармасы-



ның полиция полковниктері Б.Отыншиев, А.Күнекеев, Б.Зиятаев, С.Майлыбаев, А.Алекешевтер басқарды.

2020 жылдан бастап Шымкент қаласы Полиция департаментінің Анықтау басқармасына полиция подполковнигі Нұрдәулет Сүйеубеков пен оның орынбасары, полиция подполковнигі Исфандияр Құралбаев жетекшілік етіп келеді.

Бүгінгі таңда штаттық анықтау қызметіне еліміз егемендік алғаннан бері 29 жыл толып отыр.

Осы уақыт ішінде анықтау құрылымы айтарлықтай нығайып, кәсіби шыңда-

лып, алға қойылған міндеттерін абыроймен атқарып келеді.

Анықтау қызметінің алға қойған негізгі мақсат-міндеттері – қылмыстық құқық бұзушылықтарды тез әрі толық тергеп-тексеріп, кінәлілерді әшкерелеу, қылмыспен келтірілген шығынды өндіру үшін шаралар қабылдау, сөйтіп, заңдылықпен құқықтық тәртіптің нығаюына зор үлесін қосу.

Қазіргі таңда Анықтау басқармасының аппараты екі бөлімнен тұрады: аймақтық бақылау бөлімі және жол-көлік оқиғаларын тергеу бөлімі. Аталған бөлімдерде жеті

анықтаушы қызмет атқарады. Жалпы, Шымкент қаласының Полиция департаментіне қарасты аудандық полиция басқармаларын қосқанда 66 қызметкер жұмыс атқарады.

Жыл басынан бері анықтаушылармен 1080 қылмыстық іс сотқа жолданған (2019 жылы 898 іс болған, яғни биыл 182 іске артық). Оның ішінде сотқа дейінгі жеделдетілген өндіріс хаттамасымен 470 іс жолданған (2019 жылы 441 іс болған, яғни биыл 29 іске артық). Бұйрықтық өндіріспен 32 іс сотқа жолданған (2019 жылы жеті іс болған, яғни, ағымдағы жылы 25 іске артық) Хаттамалық нысанмен 463 іс сотқа жолданған (2019 жылы 327 іс болған, яғни, биыл 136 іске артық). Қылмыстық істерді сотқа жолдау саны жағынан өңіріміз республика көлемінде алдыңғы қатардың бірінде.

Анықтау басқармасының анықтаушыларымен қоғамдық дүрбелең тудырған, абайсызда кісі өліміне әкеліп соқтырған жол-көлік оқиғалары тергеледі. Мысалы, 2020 жылдың 27 наурызында сағат 22.00 шамасында «Забадам» тұрғын алабы

Саттарханов көшесі бойында орналасқан «Baldai barmak» дүкеніне қарама-қарсы жерде белгісіз жүргізуші анықталмаған көлік құралымен велосипед жүргізушісін қағып кетіп, оқиға орнынан бой тасалаған.

Аталған оқиға 2020 жылы 28 наурызда ҚР ҚК 345-бабының 3-бөлігімен, ҚР ҚК 347-бабымен сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген.

Анықтаушылармен жедел іздестіру іс-шаралары нәтижесінде жергілікті тұрғын ұсталып, ҚР ҚПК-нің 131-бабының талабына сәйкес қамауға алынған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесімен қылмыстық іс сотқа жолданып, Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының үкімімен күдікті 2 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Алдымызға қойған маңызды міндет – Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын сақтау мақсатында адал қызмет ету.

Еркін ОРАЗБАЕВ,
Шымкент қаласы

Ынтымақтастық ырысқа бастайды

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Дағдарыс орталығында Қызылорда облысы жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен «Қызылорда еріктілері» қоғамдық қорының арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



Облыстың Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Бағдат Данилов және Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығының» директоры Бауыржан Мастеков, «Қызылорда еріктілері» қоғамдық қорының жетекшісі Ольга Чебакова Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа ала отырып, өз құзыреттері және өкілеттіктері шегінде азаматтық қорғау саласында профилактикалық іс-шараларды қамтамасыз ету және жүргізу бойынша бірлес-

кен іс-әрекеттерді жүзеге асыру мақсатындағы басты құжатқа қол қойды.

Ондағы негізгі мақсат – «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген функцияларды іске асыру, төтенше жағдайлардың туындау тәуекелін барынша азайту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, материалдық шығынның көлемін болдырмау болып табылады.

Тараптардың әрқайсысы іскерлік байланысқа қолдау көрсетуге тиісті және олардың өзара қа-

рым-қатынасының тиімділігін қамтамасыз етуі керек.

Алдағы уақытта үш тарап Азаматтық қорғау саласында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуда профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға, тұрғын үй секторында бірігіп аула аралауға, көпқабатты үйлерде жиындар өткізуге, тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасылары арасында рейдтер жүргізуге тиісті.

Сондай-ақ мынандай жұмыстарды да үздіксіз жүргізуі керек:

- халыққа өрт қауіпсіздігі және судағы жүріс-тұрыс қағидаларын сақтау бойынша жадынамалар таратып, профилактикалық іс-шаралар өткізуге;
- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде өзара көмек көрсетуге;
- азаматтық қорғау органдарының бейінді оқу орындарына түсу үшін, сондай-ақ жұмысқа түру үшін оқушылар мен жастар арасында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізуге;
- төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға халықтың дайындығын ұйымдастыруға, алғашқы медициналық көмек көрсетуге атсалысып, ынтымақтаса тәжірибе алмасуы тиіс.

Айгүл НҰРМАНОВА,
Қызылорда облысы.

«САҚШЫ-АҚПАРАТ»

Ақтөбе облысы

Қарттарға көмекке келді

«Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаментіне бағынысты Қарғалы аудандық пробацация қызметі аудандық жастар ресурстық орталығының еріктілерімен бірлесіп, «Еріктілер жылы» және «Қамқор» жобасы аясында акция ұйымдастырды», – деп хабарлайды Polisia.kz.

Акция барысында Қарғалы аудандық пробацация қызметі пробацация есебінде тұрған еріктілерді осы аудандағы тыл ардагерлері мен жалғызбасты қарттардың үйіне апарды. Олар қарттардың үйлерінің ауласын тазалап, өсіп кеткен шөптерден тазартты.

Ігі шара соңында Қарғалы ауданының тыл ардагері Үміт әже акцияны ұйымдастырушыларға аналық алғысын айтып, еріктілерге алдағы уақытта қателікке бой алдырмай, түзу жолда жүріп бақытты ғұмыр кешуі үшін ақ батасын берді.

Түркістан облысы

Егде әйел аман-есен табылды

«Түркістан облысының полицейлері жоғалған 57 жастағы әйелді тапты», – деп хабарлайды Polisia.kz.

Ордабасы АПБ-не жергілікті тұрғын арызданған. Онда өзімен бірге тұратын сіңлісі кешкі сағат 18:00 шамасында заттарын алып, белгісіз бағытқа кеткенін айтқан. «Басқа туыстарының үйіне кеткен болар» деген болжаммен жоғалған әйелді жақындары екі күн бойы іздемеген. Алайда ешқандай туысының үйінде жоқ екенін білген соң полиция қызметкерлерінің көмегіне жүгінген.

Осы оқиға бойынша тәжірибелі полицейлер жұмылдырылып, жедел іздестіру кешені жүргізілді. Жоғалған

егде жастағы әйелдің барлық таныстары мен туыстарының үйінен іздеуге кіріскен полиция қызметкерлері оны қала аумағындағы саябақтардың бірінен тапқан. Ол үйден отбасылық жанжалдан кейін кеткен. Сіңлісімен аман-есен жүздескеніне қуанған әпкесі полицейлерге алғысын жаудырды.

– Сіңлімді аз уақыт ішінде тауып берген полиция қызметкерлеріне дән ризамын. Отбасыларына амандық тілеймін. Жұмыстары алға баса берсін!, – деп тәртіп сақшыларына риясыз көңілін жеткізді.

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

«Отан отбасынан басталады» дейміз. Сол кішкентай ғана Отанның бақ пен береке дарып, отбасы мүшелерінің өзара ауызбіршілікте өмір сүруі нағыз бақыттың өзі емес пе? Сондай шаттық ұялаған шаңырақтың бірі – Рахишевтер отбасы. Бұл әулетте жасы үлкенге құрмет көрсету, жасы кішіге ізет таныту о бастан әдетке айналған. Ал ата-ананы сыйлау, баланы тәрбиелеу, адалдық пен ізгілік, еңбекқорлық пен білімқұмар болу – талқыланбайтын мәселе.

Ананың анасы...

Отанасы, отбасының ұйытқысы Сәуле Ризуанқызы 1955 жылы Атырау облысындағы Махамбет ауданына қарасты Сарытоғай ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Мейірім мен көпшіл болу сол бала кезде қанға сіңген қасиет болса керек. Сәуле Сиджанова 1972 жылы жергілікті Сарытоғай орта мектебін бітіріп, Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына оқуға түседі.

Сәуленің медицина мамандығын таңдауына анасы себеп болады. Өйткені анасы Нәзипа Атырау облысы, Махамбет ауданындағы өкпе аурулары ауруханасында жылдар бойы талмай еңбек етіп, кейін зейнетке шыққан.

Сәуле 1978 жылы жоғары оқу орнын бітіріп шыққан соң арнайы жолдамамен Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасына жіберіледі.

– Олар мені облыстық тері-венерологиялық диспансеріне дәрігер-дермотолог ретінде жіберді. Бірнеше рет біліктілігімді арттыру мақсатында Алматы қаласында болдым. Содан бері осы салада тер төгіп келе жатқаным 40 жылдан астам уақыт болды, – деді Сәуле Ризуанқызы әңгіме барысында.

Ол – I санаттағы дәрігер. Сонымен қатар 2016 жылы «Алтын дәрігер» төс белгісімен марапатталған. Қазіргі таңда зейнеткерлікке шықса да, маман жетіспеушілігінен әлі де қызмет етіп жүрген жайы бар.

Жолдасы Жұмабай екеуі ұлы мен екі қызын тәрбиелеп өсірді. Бүгінде келін түсіріп, немере бағып отырған бақытты әже. Келіні – медицина саласының қызметкері. Ал екі қызы өз ісінің нағыз мамандары. Бірі – Ішкі істер органдарында қызмет етеді.

– Біздің отбасымызды дәрігерлер династиясы десе де болатындай. Өйткені анамның жолын жалғап, мен дәрігерлікті таңдадым. Ал менің соңымнан ерген төрт бірдей сіңлім осы дәрігерлік қызметті таңдады. Бес қызы бірдей ақ халатты абзал жан атанған анамның ар-



маны жоқ шығар деп ойлаймын. Бүгінде менің жолымды ұлым Қайраттың келіншегі, келінім Дәмәткен жалғап отыр.

Жалпы, науқастың қасынан табылып, оның дертінен сауығуы үшін ем-дом жасап, тек дәрімен ғана емес, жылы сөзіңмен де емдей білу – әрбір дәрігердің парызы. Гиппократтың антын берген ақ халаттылар өз ісіне аса мұқияттылықпен қарап, тазалықты, жеке гигиенаны қатаң сақтай білуі керек. Дұрыс және шұғыл шешім қабылдайтын сәттер де жиі болады. Қарапайым адамдар алғашқы медициналық көмек көрсетуді біле бермейді. Біздің елде, жалпы қоғамда сауаттылықты арттыру керек, арнайы дәрістер өткізу қажет пе деп ойлаймын, – деп отбасының әңгімесінен қоғамдық мәселеге қарай ауысқан Сәуле апайды үнсіз тыңдап қалыппыз.

Ата-ененің топырағынан...

Қазақ халқында табалдырықтан атаған ақ келінге қарап «Ата-ененің топырағынан» деген, енесінен аумамай қалыпты, – деп жатады. Сәуле Сиджанованың келіні осы сөзді еріксіз еске түсіреді. Енесі секілді дәрігер мамандығын таңдағаны былай тұрсын, жүріс-тұрысы мен тәрбиесіне дейін құнды осы үйдің қызындай десе де болады.

Дәмәткен Аманкелдіқызы 2006 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина Академиясына оқуға түсіп, 2009 жылы М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің «Гигиена және эпидемиология» мамандығын алып шықты. Алғашқы қызметін Атырау облыстық жүйке-тамырлар ауруханасында эпидемиолог болып бастайды.

– Осы мекемеде тоғыз жыл еңбек еттім. 2019 жылы М.Айқымбаев атындағы Аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылы-

ми орталығының Атырау обаға қарсы күрес филиалына лаборант болып жұмысқа ауыстым. Бүгінде әлемді әуреге салған коронавируспен күресте жұмыс істеп жатырмыз.

Осы орайда халыққа айтарым, ең алдымен жеке бастың гигиенасын қатаң сақтаңыздар дер едім. Сіз осы арқылы өз жақындарыңыз бен отбасыңызды қауіпті індеттен қорғайсыз. Сонымен қатар карантин талаптарын да сақтаған жөн. Біз вирусты тек осылай ғана жеңе аламыз, – деді Дәмәткен Қадырқұлова.

Қызым – қызғалдағым...

Жұмабай аға мен Сәуле апайдың құқық қорғау қызметін таңдаған қайсар да өжет қызы бар. Ол – әділет капитаны Орынай Рахишева. Қазіргі таңда Атырау облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты УГ-157/11 түзеу мекемесінде Бақылау қызметі бөлімі бастығының орынбасары болып қызмет етеді.

– Сотталғандармен жұмыс істеу, оларды қайта тәрбиелеу, қатаң бақылауда ұстау оңай жұмыс емес. Әрине, сотталғандардың бірі байқаусызда сүрініп кетсе, енді бірі қасақана қылмыс жасаған адам. Қалай десек те, психологиялық тұрғыда соққы алған, рухани жұтаң, іштей жалғыздықтан жапа шеккен жандар. Бірақ олар ересек, оқыған, көзі ашық, өмірді көрген, жақсы мен

Еліміздің әрбір өңірінде дәл осындай, бір отбасында дәрігер мен құқық қорғау қызметкерінің өмір сүріп жатуы ғажап емес. Дүниежүзін дүрліктірген індетпен күресте карантин жарияланып, жұрт болып үйден шықпай отырғанда, демалысыз жұмыс істеп жатқан жандарға іштей шын ризы боласың. Олар өзгелер секілді бала-шағасының жанында, оттың басында отырған жоқ. Балаларын тек телефонның арғы жағынан бейнесін көріп, даусын естіп қана мауқын басуда. Қызметке адалдық пен жауапкершілікті сезініп, елінің қамын өз отбасынан артық қоятын осындай қызметкерлердің жұмысына табыс, әр күніне сәттілік тілейміз!

Айгүл АМАНКЕЛДІҚЫЗЫ,
Сурет кейіпкердің
жеке мұрағатынан алынды

БӘРЕКЕЛДІ!

Зейнеткер дән риза

Қостанай облысы Қарабалық ауданындағы Святослав кентінің 72 жастағы тұрғыны Владимир Унгер денсаулығы сыр беріп, жеке куәлігін қайта рәсімдеу үшін аудан орталығына баруға шама-шарқы келмеген. Куәліксіз зейнетақы берілмейтін болғандықтан көмек сұрап, полицейлерге жүгінген.

Ауданда осындай мәселелерді жеңілдетуді көздеген «Мобильді ХҚКО» жұмыс істейді. Бірақ пандемияға байланысты жүктеме артқандықтан, қарияның оларды тағы екі апта күтуіне тура келген.

Полиция майоры Орынбасар Алжанов зейнеткердің мәселесі туралы біліп, дереу аталмыш ауылға барып, Владимир Эдмундовичке құжат рәсімдеуге көмектеседі.

Зейнеткер Қостанай облысы ПД бастығы, полиция генерал-майоры Бекет Аймағамбетовке тәртіп сақшыларының адал жұмысы және азаматтардың проблемаларына мұқият қарағаны үшін алғыс хат жазды.

Кенже ҚОНЫС,
Қостанай облысы

ОСЫНДАЙ ДА БОЛАДЫ

ҚҰЛЫҚҚА ҚҰРЫҚ БОЙЛАМАЙДЫ

Адамнан қулық артылған ба? Павлодар облысы Май ауданының мотоцикл жүргізушісі өзінің мас екенін жасырмақ болып, мылқау адамның кейпіне енген. Бұл туралы облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі мәлім етті.

– Май ауданының полицейлері Көктөбе ауылының көшелерін патрульдеу кезінде мотоцикл жүргізушісін ұстады. Құжаттары тексеру кезінде ер адам ешқандай тіл қатпаған. Оның бір нәрседен секем алып тұрғаны байқалған. Саңырау-мылқау көрінуге тырысып, полицейлердің сұрақтарына жауап бермеген. Тәртіп сақшылары ер адамның ауыз қуысынан

шыққан өткір иісті сезіп, куәландыруға жіберді, – деді баспасөз қызметі.

Тексеру нәтижесінде ер адамның мас екені анықталды. Көлік құралының жүргізушісіне қатысты ҚР ӘҚБК 608-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік іс қозғалып, материал сотқа жіберілді.

Карина САДЫҚОВА,
Павлодар облысы

Өшпес өмір



СҚО ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының ғимаратында милиция полковнигі Владимир Павлович Богдановичке арналған мемориалдық тақтаны ашу рәсімі өтті.

СҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Марат Төлебаев ІІО-на еңбек сіңірген қызметкерлердің есімдерін мәңгілікке тақтаға қашап жазу – ведомствоның игі дәстүрі екенін атап өтті.

– Бүгінгі таңда Петропавлда түрлі жылдары қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлердің есімдері бес көшеге берілді. Милиция сержанты Юрий Медведевке, милиция старшинасы Василий Малышевке, милиция майоры Алексей Щербаковқа, милиция капитаны Анатолий Добрынинге мемориалдық тақта ашылды. Сондай-ақ СҚО ІІБ екі бастығына – милиция генерал-майорлары Иван Гребень мен Михаил Барановқа, Ұлы Отан соғысының ардагерлері – Қызылту АІБ бастығы Қойшыбек Қаженов пен Ақжар АІБ бастығы Сәбит Қасеновке мемориалдық тақталар қойылды, – дейді Марат Төлебаев.

Ол мұндай іс-шараның жас полицейлер үшін тәрбиелік мәні ерекше екенін атап өтті.

Владимир Богданович СҚО ІІБ Мемлекеттік автоинспек-

циясын он жеті жыл бойы басқарған. Еңбек жолын кіші лейтенант атағынан бастап милиция полковнигіне дейін жеткен. Оның адал қызметі мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі еңбегі үшін 50-ге жуық марапаты бар. Оның тәрбиесінен өткен 15 қызметкер Қазақстан мен Ресейде қызмет атқарып, полиция, милиция полковнигіне дейін жеткен.

Жиында СҚО ПД Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұраған Көпеев пен музей меңгерушісі Любовь Осинская жылы лебіздері мен ризашылықтарын білдірді. Жол полициясының ардагері, қазіргі уақытта Әкімшілік полиция басқармасы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Евгений Райтенбах тәлімгері полковник Богдановичтің қызметі туралы қызықты мәліметтермен бөлісті. Ол Владимир Богданович Петропавл айналма жолының салынуына бастамашыл болғандардың бірі екенін айтты.

Володарский көшесі, №18 мекенжайындағы жеке ғимаратта жол полициясының музейі бар. Владимир Богданович – оның да негізін

қалаушылардың бірі. Музейде облыстық МАИ-дің тарихымен қоса, өңірді автомобилдендіру хроникасы да ұсынылған. Ғимараттың бірінші қабатындағы терезелерде «Волга» маркалы патрульдік автокөліктері түрінде жасалған сәндік торларды көруге болады. Евгений Райтенбахтың айтуынша, аталған торлар петропавлдық шағын қозғалтқыштар зауытында жасалған және оны орнату кезінде қалалық құрылыс бөлімінің басшысы сыртқы жағынан әрқайсысына МАИ бастығы Богдановичтің көшірме қолы қашалып жазылғанын қалаған. Владимир Павлович бұл ұсынғысқа бірден келіспеген, ұзақ уақыт өткеннен кейін оны көндіріпті.

Қазіргі уақытта бастықтың көшірме қолын әрбір сәндік тордан көруге болады, бұл сол кездегі тәртіп сақшылары туралы естелік болып қалды.

Ақсақал мен полицейлер мемориалдық тақтаға гүл шоқтарын қойды. Ардагерлер өткенсіз болашақтың жоқ екенін айтып, тақтаны ашу бастамасын қолдағаны үшін СҚО ПД басшылығына алғыстарын білдірді.

Мәдина БАЛҒАШОҚОВА,
Солтүстік Қазақстан облысы

РЕДАКТОР БАҒАНАСЫ

«Сергектен» сақ болыңыз!

Ғалым ОМАРХАН,
Нұр-Сұлтан қаласы



Елордада жолда жүру тәртібін өрескел бұзып, алақұйындатып жүрген көлікті кездестіру әсте қиын. Қай көшеге қарасаңыз да, жылдамдықты шектен тыс асырмайтын тәртіпті жүргізушілер... Қоғамдық көліктерге арналған жолақ бойынан тек автобустар мен таксилерді

байқайсыз, басқа көліктер көрінбейді. Өйткені жол қозғалысы ережесін бұзсаңыз, «Сергектің» «көзіне» түсіп қалып, сырттылдатып айыппұл төлеуге мәжбүр боласыз.

Елордада «Сергек» іске қосылғалы жолда жүру ережесін бұзатындар қатары күрт кеміген. Алматыда да солай. Тәртіпті сақтамағандар сертификатталған суретке және бейнежазу құрылғысы арқылы таспаға түсіріледі. Нұр-Сұлтан мен Алматы көшелерінде жылдамдықты асырғандар мен жол қозғалысы тәртібін бұзғандарға заманауи құрал-жабдықтардың көмегімен әкімшілік жазалау шаралары қолданыла бастағалы үш жылдан асып қалды. Жүргізушілердің бұл тәртіпке де еті үйрене бастады. Көлік иелері даңғыл жолдың бойында ғана емес, көше қиылыстары мен бұрыштарында да өте сақ болуға төселді. Себебі жан-жағыңыздың бәрі – фотобейнебақылау. Жол ережесін бұзсаңыз, әп-сәтте таспаға түсіп қалу қиын емес. Бұл – «Сергек» іс-шарасы бойынша тәулік бойы жүзеге асып жатқан жұмыс.

Мамандардың айтуына қарағанда, «Сергек» жүйесі іске қосылғалы бері қылмыстардың да саны азайған. Өйткені жүргізушілер ғана емес, қылмыс жасайтындар да «Сергектен» секемдене бастады. Олар әсіресе, қоғамдық орындарда тәртіп бұзуға көп бара бермейді. Ондай орындарда камералар орнатылған. Осының әсері болса керек, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық орындарында жасалған қылмыстардың саны 44,9 пайызға азайған. 2018 жылы қаланың қоғамдық орындарында 14 мыңнан астам құқық бұзушылық жасалса, 2019 жылы бұл көрсеткіш 8 мыңға дейін төмендеген. Оның ішінде, қала көшелерінде жасалған қылмыстар 38,4 пайызға азайған. Бұзақылық әрекеттер саны 52,3 пайызға төмендеген.

Бүгінгі таңда астанада «Сергек» қоғамдық және жол қауіпсіздігі жобасы бойынша 13 мың камера орнатылған. Оның ішінде 10 мыңы қаладағы қоғамдық тәртіпті қадағалайды. Бұл камералардың деректері көшелерде болып жатқан жағдайды полиция қызметкерлері бақылайтын Ахуал орталығына беріледі.

Жол қиылыстарында және жолдың желілік учаскелерінде орнатылған аппараттық-бағдарламалық кешендердің құрамына кіретін шолу камералары да елордадағы қоғамдық қауіпсіздікті бақылауға мүмкіндік беріп отыр. Камералар қаланың түпкі аудандарында, мектептердің жанында, қоғамдық орындарда орналасқан. Сондай-ақ мектептерде, балабақшаларда, қоғамдық орындар аумағында астанадағы қауіпсіздіктің деңгейін арттыру мақсатында меншікті камераларды интеграциялау жұмыстары жүргізілген. Демек қаланың қай бұрышы болсын, бақылауда болады деген сөз.

Қазіргі уақытта жаңа жүйеге қосылған бейнекамералар тәулік бойы жұмыс істеп, түсірілген фотобейнежазбаларды арнайы құрылған тиісті орталықтарға жібереді.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жасалып жатқан кешенді жұмыс арқылы елорда «Ақылды қалаға» айналды десе де болады. Қала көшелері тұрғындар мен қонақтар үшін қауіпсіз бола бастады. Жасыратыны жоқ, «Сергек» іс-шарасы қолға алынғанға дейін елорда көшелерінде жол-көлік оқиғалары жиілеп кеткен болатын. Әсіресе, жаяу жүргіншілер көлік жүргізушілердің кінәсінен жапа шегіп, тіпті мерт болғандары да аз емес. Балалардың да жол-көлік оқиғаларының салдарынан зардап шегуі көбейген еді.

Қазір Нұр-Сұлтан қаласындағы оқу-білім орындарының маңында жылдамдықты сағатына 40 шақырымнан асырмау керектігін айғақтайтын белгілер бар. Сонымен бірге бейнебақылау камераларының да қатары жылдан-жылға артып келеді. Осының бәрі қала көшелерінде құқық бұзушылықты азайтуға сеп болып отыр.

Қазір Алматыдағы 400 «Сергек» кешеніне кіретін екі мың камера бар. Әр жол айрығында төрт немесе одан да көп камера орнатылған. Себебі бір құрылғы тек екі жолақты бақылай алады. Сондықтан алты жолақты үлкен даңғылдарда және оның қиылыстарында 6,8 камера орнатылған.

Жалпы, 400 кешеннің 300-і жылдамдық режимін бақылауға негізделген. Ал 100 кешен өзге ереже бұзушылықты тіркейді. Күніне 100-ден 200-ге дейінгі аралықта заң бұзушылық анықталатын көрінеді. Алматыда алдағы жылы тағы 300 кешен орнату жоспарланып отыр.

(Атырауда да «Сергек» бейнебақылау камералары іске қосылды. Бұл туралы сегізінші беттен оқи аласыздар).

Әкімшілік жауапкершілікке тартылды

Қазіргі уақытта ювеналдық инспекторлар жұмысы өте қауырт. Өйткені карантиндік шектеулер жеңілдегеннен бастап жасөспірімдердің де көше қыдырысы көбейе бастаған.

Жергілікті полицияға жүктелген міндеттердің бірі – кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес кәмелетке толмағандарға түнгі сағат 22.00-ден таңғы сағат 6.00-ге дейін ойын-сауық

мекемелерінде болуға, сондай-ақ түнгі сағат 23.00-ден кейін заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз көшеде болуға тыйым салынған.

Алайда көбі жоғарыда аталған ережелерді сақтамайды. Осыған байланысты Екі-бастұз қаласының полиция басқармасы 217 жасөспірімнің

ата-аналарына қатысты әкімшілік хаттамалар толтырды. Әр ата-ана баласының тәрбиесі мен мінез-құлқына ерекше назар аударуы керек. Сондай-ақ бос уақытында не істейтінін қатаң бақылауы қажет. Бұл жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың төмендеуіне ықпал етеді.

Алма МҰСАБЕКОВА,
Павлодар облысы

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Бейнебақылау жүйесі іске қосылды

10 қыркүйектен бастап Атырау өңірінде «Сергек» бейнебақылау жүйесі іске қосылды. Аталған құрылғы облыс орталығының 153 желілік учаскесінде және 51 көше қиылысына орнатылды.



Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағытында жүзеге асырылған жобаның басым бөлігін 774 бейнебақылау камерасы құрайды. Айта кетерлігі, «Сергек» қалалық Жедел басқару орталығының бейнекамераларымен де біріктіріліпті. Осылайша Атырау полицейлері тек көлік қозғалысына қатысты құқық бұзушылықтарды ғана емес, сонымен қатар аулалар мен басқа да қоғамдық орындарды бақылау мүмкіндігіне ие болған.

Аталған құрылғы орнатылған күннен бастап сақшылардың жұмысында оң нәтиже байқалған. Мәселен, бір жарым күн ішінде камераның көмегімен жол қозғалысы ережелерін бұзған 300-ден астам азамат анықталған. Жүргізушілер көбінесе, жылдамдықты арттырып, бағдаршамның тыйым салатын белгісінен өтіп кеткен. Сондай-ақ

тоқтау сызығы мен үздіксіз сызықтың қиылысын басып өткен.

Анықталған құқық бұзушылықтар бойынша ақпараттар өңделіп, автокөлік иелеріне айыппұл туралы хабарлама «Қазпошта» арқылы тіркелген мекенжайларына жіберіледі.

Инжу БАЛТАБЕКҚЫЗЫ

POLISIA.KZ ХАБАРЛАЙДЫ

Он жастағы оқушы ана-анасына оралды

Түркістан облысының полицейлері жоғалған 10 жастағы оқушыны үйіне қайтарды.

Арыс аудандық ПБ кезекші бөліміне Арыс қаласының тұрғыны 4-сыныптың оқушысы хабар-ошарсыз кеткенін айтып, арызданған. Анасының айтуынша, он жастағы қыз кешке велосипед тебуге шығып кеткеннен үш-төрт сағат бойы үйіне оралмаған. Өздері іздеп таба алмағаннан кейін қызына алаңдаған ана «102» пультіне қоңырау шалып, полиция қызметкерлерін көмекке шақырады. Оқиға орнына келген тәртіп сақшыла-

ры бірден жоғалған оқушыны іздеуге кіріседі.

Арыс АПБ жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері аулаларды аралап, жақын аймақтар мен көшелерді қарап, куәгерлерден сұрастырып, бейнебақылау камераларын тексереді. Жедел қабылданған шаралардың нәтижесінде полицейлер жарты сағат ішінде жоғалған қызды сыныптасының үйінен табады. Ол отбасына оралды.


Жолда қалған жоқ

Шымкент қаласында жол бойында көлігі бұзылған әйелге полиция қызметкерлері көмек көрсетті.

Тәртіп сақшылары Бәйдібек би даңғылы бойында жол жиегінде тұрып қалған темір тұлпар иесіне көлігінің доңғалағын алмастыруға жәрдем жасады. Көлік тізгіндеген келіншектің сөзінше полиция қызметкерлері жылдам әрекет етіп, мәселесін шешуге көмектескен. Тәртіп сақшыларының іс-әрекетіне дән риза болған көлік жүргізушісі бейнежазба арқылы алғысын білдірді.

Абайдың латын қарпіндегі көне кітабы

Қазақстан Республикасы ИМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясында өткен «Абай мұрасы – халық даналығы» атты шарада ақынның осыдан 81 жыл бұрын жарық көрген кітабы оқырмандармен қайта қауышты. Кітаптың таныстырылымы кезінде академия қызметкері, полиция майоры Мырзабек Тұйғанов оны атасынан қалған мұралардың арасынан кезіктіргенін, оның латын әрпінде басылғанына мән бергенін және кітапты жұмыс орнына алып келіп, әріптестеріне көрсеткенін қызықтыра әңгімелеп берді.



Бас ақынымыздың 175 жылдығына тарту болған құнды мұра Абай Құнанбайұлының 1939-1940 жылдары жарық көрген екі томдық толық шығармалар жинағының бірінші томы екен. Сәбит Мұқановтың алғы сөзімен шыққан бұл кітаптың сырты көк матмен тысталған және ол аздап тозған. Парақтары он тоғызыншы беттен басталады. Соңында біраз беттері жоқ. Алғы сөзі мен түсіндірмелерінің кей беттері жоқ демесеңіз, ақынның өлеңдері мен поэмалары толық сақталған және жақсы оқылады. Алматы қаласындағы «Қазақстан көркем әдебиет баспасы» шығарған ақынның бұл мұрасы сирек кездесетін кітаптар санатына жатады.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған әдеби кеште оқу ордасында білім алып жүрген курсанттарымыз ақынның өлеңдерін нақышына келтіре оқып, әндерін құйқылжыта шырқады. «Торжорға» күйі орындалды. Бірқатар белсенділеріне Абай аталарының көнеден жеткен кітабын қолға алып, латын қарпіндегі өлеңдерін оқып көру мәртебесі де бұйырды.

Шараның соңында көненің көзіндей болып бүгінге жеткен дананың сөзі оқу орнының мұражайына аманатталды. Өз кезегінде мұражай меңгерушісі Бисұлу Мұқанова Абайдың 175 жылдығына арнайы бұрыш ашылатынын мәлімдеді. Осылайша, академиядағы Мұхтар Әуезовтің домбырасы, Шырақбек Қабылбаевтың жеке бұйымдары мен қолжазбалары сынды тарихи құндылықтардың қатары қазақтың данышпан ақынының көне кітабымен толығына түсті.

Қазақ кемеңгерінің шығармашылығына арналған шараның екінші бөлімінде курсанттар «Ұлы Абай – халық жүрегі» тақырыбында жалпыреспубликалық диктант жазды.

Құрбанәлі ЕЛМҰРАТОВ,
ҚР ИМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай Академиясы Ішкі және сыртқы
коммуникациялар
бөлімшесінің бастығы

Ұрлық түбі – қорлық

Таразда полиция қызметкерлері бірнеше мәрте велосипед ұрлаған ер адамды ұстады.

Ол Тараз қаласының 29 жастағы тұрғыны болып шықты. Тергеу барысында анықталғандай, көпқабатты тұрғын үйлердің кіреберістерінде қараусыз қалдырған велосипедтерді таңғы және түнгі мезгілде ұрлаған. Аталған дерекке қатысты ҚР ҚК 188-бабы 3-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Күдікті уақытша ұстау изолаторына қамалды. Сондай-ақ оның басқа да ұрлықтарға қатысы бар-жоғы тексерілуде.



Жамбыл облысының полициясы азаматтарға жеке мүлік-

терін қараусыз қалдырмау керектігін ескертіп отыр.

ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор **Әлімжан ЖАРЫЛҚАҒАНОВ**
Бас директордың орынбасары **Бану ӘДІЛЖАҒАНОВА**

РЕДАКЦИЯ:
Бас редактор **Тоқнияз КУЧУКОВ**
Шеф-редактордың м.а.: **Ғалым ОМАРХАН**
Тілшілер: **Әсел МҰХАТОВА, Бауыржан СЕГІЗБАЕВ, Гүлнәр МАҒЗҰМОВА**

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы **№16944 – Г** куәлігі берілді
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Қосылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды.
Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
Индексі: **65395**
Таралымы: **10441**
Тапсырыс: **№ 1191**

«Алматы – Болашақ» АҚ
Алматы қаласы, Алматы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223Б
тел: 8777-163-12-39
Газет айына 8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ74856000000147459
БИК – KСJВKZKX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Б. Майлин көшесі, 4/1.
Телефон: 8 (7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz